



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

25.02.2025 жыл

№ 4, 5-т.

**Кәсіподақтың 2024 жылы кәсіподақ мүшелерінің салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларына құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыс қорытындысы туралы.**

Кәсіподақтың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі бас техникалық инспекторы А.М. Айтжановтың «Кәсіподақтың 2024 жылы кәсіподақ мүшелерінің салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларына құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыс қорытындысы туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай келе, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Атқару Комитеті келесіні **атап көрсетеді:** Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы еңбекті қорғау саласында кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша бірқатар жұмыстар атқаруда.

2024 жылы Кәсіподақ негізгі күшті төмендегі бағыттарға:

- еңбекті қорғау саласында бастауыш кәсіподақ ұйымдары төрағаларының, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың, кәсіподақ активтерінің біліктілігін көтеруге;
- өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеу кезінде қызметкерлердің мүдделерін қорғауға;
- тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде еңбекті қорғау жөніндегі басқару жүйелерінің жұмысын ұйымдастыруға жәрдемдесуге;
- еңбек жағдайларына арнайы бағалау жүргізу сапасын, зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істегені үшін өтемақылардың уақтылы тағайындалуын және толықтығын бақылауға;
- еңбекті қорғауды нормативтік реттеудегі өзгерістер туралы кәсіподақ мүшелерін, активін хабардар етуге;
- еңбекті қорғаудың жай-күйіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру, еңбекті қорғау жөніндегі заңнаманың талаптарын қамтамасыз етуге, қауіпсіз жұмыс әдістері бойынша үздік тәжірибелерді зерделеуге, қорытуға және таратуға жұмылдырды.

2024-2025 оқу жылында білім басқармалары органдарымен бірлесе білім беру ұйымдарының жаңа оқу жылына дайындығына тексеру ұйымдастырылды.

Жаңа оқу жылына білім беру ұйымдарының дайындығын қарау жөніндегі комиссияның құрамына білім басқармалары, білім бөлімдері, қадағалау органдарының өкілдерімен қатар кәсіподақ өкілдері де кірді.

Тексеру барысында еңбекті қорғау жай-күйі мен еңбек жағдайларына кешенді тексерулер жүргізіліп, еңбекті қорғау саласындағы жұмыстарға талдау жасалды. Салалық келісімдер мен ұжымдық шарттардың «Еңбекті қорғау және денсаулық» бөлімдеріндегі шараларды орындау, түйткіл мәселелер туралы басшылармен, мамандармен талқыланып, жазатайым оқиғаларды болдырмау мақсатында қауіпсіз жұмыс жағдайын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар берілді.

2025 жылдың 1 қаңтарына салалық мекемелер мен кәсіпорындардағы кәсіподақ құрылымдарының қатысымымен еңбекті қорғау жөніндегі **8 305** өндірістік кеңестер жасақталды. 2023 жылмен салыстырғанда Кәсіподақ құрамындағы өндірістік кеңестер саны **283-ке** артты.

2024 жылдың есепті кезеңіне техникалық инспекторлардың сандық құрылымы – **8 424** адамды құрайды, бұл былтырғы жылмен салыстырғанда **300** адамға артық.

Техникалық инспекторлармен еңбек жағдайлары бойынша **5 024** тексерулер жүргізілді, оның ішінде өндірістік кеңестердің бастамасымен – **3 050**, қызметкерлердің бастамасымен – **450**, басқа тексерулер – **1 524**.

Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша **2142** бұзушылық анықталды. **1920** қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша бұзушылықтар жойылды.

Дегенмен, алдыңғы жылдардағы сияқты қоғамдық бақылау бағытындағы тексерулердің жиілігі төмен болып отыр. Мысалы, 2024 жылы **8 424** техникалық инспекторға **5 024** қана тексеруден келіп отыр, бұл өте жеткіліксіз.

Тексеру барысында еңбекті қорғауды оқытудың жалпы жағдайы және қызметкерлердің еңбекті қорғау талаптарын білуін тексеру талданды, еңбекті қорғауды оқытудағы қиындықтар мен проблемалар анықталды, оқытуды жүргізудің тиімділігін жетілдіру және арттыру, сондай-ақ еңбекті қорғау талаптарын білуді тексеру бойынша нақты ұсыныстар берілді.

Қазіргі таңда ұйымдарда қызметкерлердің салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын құрудың оң тәжірибесі қалыптасты. Тексерілген ұйым ғимараттарының, құрылымы мен құрылыстарының техникалық жай-күйі қанағаттанарлық жағдайда.

Ұсынылған есептер бойынша ұйымдағы еңбек жағдайы мен еңбек қауіпсіздігін жақсарту бағытындағы берілген ұсыныстар мен анықталған бұзушылықтар саны әлі де төмен.

2024 жылы ұсынылған деректер бойынша өліммен аяқталған жазатайым оқиғаларға жол берілмеді. Осы саладағы проблемалық мәселелерді оң шешуге Қазақстан Республикасының 2024-2030 жылдарға арналған қауіпсіз еңбек тұжырымдамасын, өнеркәсіптік қауіпсіздіктің 2024-2030 жылдарға арналған

тұжырымдамасын, Қазақстанда лайықты еңбекке жәрдемдесу жөніндегі Жол картасын іске асыру шеңберінде жүзеге асырылатын шаралар ықпал етті.

Жарақаттану көрсеткіштері:

- жеңіл жарақат алғандар – **5 қызметкер**;

- ауыр жарақат алғандар – **23 қызметкер**;

- қаза тапқандар – **0**.

2024 жылы ауыр жарақат алғандар саны 2023 жылмен салыстырғанда 12 қызметкерге артты, ал, жеңіл жарақат алғандар саны 2023 жылмен салыстырғанда 7 қызметкерге азайды. Өліммен аяқталған жазатайым оқиғалардан зардап шеккендердің саны 6-дан 0-ге дейін азайды.

2024 жылы өндірістегі жазатайым оқиғалардың ең көбі Қызылорда облысында (5 жағдай), Ақмола облысында (4 жағдай), Павлодар облысында (4 жағдай) тіркелді.

Есепті кезеңде мүшелік ұйымдармен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша **544** семинар өткізілді, бұл былтырғы жылмен салыстырғанда **107-ге** артық. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайына Салалық кәсіподақпен жыл сайын өткізілетін «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор» байқауы да оң әсер етуде.

Кәсіподақтар федерациясымен өткізілетін еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша салааралық байқауларында белсенді қатысымын және ол жерде жүлделі орындарға ие болып отырғандығын атап көрсетуге болады.

Барлық деңгейдегі кәсіподақ органдардың бастамасы мен үлкен ұйымдастырушылық жұмысының арқасында көптеген ұйымдарда қауіпсіз еңбек тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде өткізілетін іс-шаралар кеңінен жарияланады. Кәсіподақ ұйымдарының сайттарында орналастырылған ақпараттар, республикалық және өңірлік БАҚ-тағы көптеген жарияланымдар кәсіподақтың барлық ұйымдары тарапынан еңбекті қорғау мәселелеріне ерекше назар аударуының дәлелі болып табылады.

Бастауыш ұйымдардың белсенділік деңгейі және ең бастысы, қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын қамтамасыз етуге кәсіподақтың әрбір мүшесінің жеке қатысуы айтарлықтай өсті. Еңбекті қорғау мәселелері бойынша түрлі викториналар, конкурстар, квесттер түрінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға арналған барлық танымдық, қызықты іс-шараларды өткізу арқылы осы маңызды міндетті шешудің жаңа, дәстүрлі емес тәсілдерін табуға мүмкіндік туды.

Мүшелік ұйымдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша қызметі туралы ақпараттар тұрақты түрде ресми сайтта, Facebook, Instagram, Telegram әлеуметтік желілерінде, сонымен қатар баспасөз ақпарат құралдарында жариялануда.

Оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім беру салаларында еңбек жағдайларын, еңбекті қорғау мен денсаулықты жақсарту жөніндегі кешенді іс-шаралардың барлығын іске асыру кезінде еңбекті қорғауды қаржыландыру негізгі проблема болып қала беруде.

Кәсіподақ қызметінің маңызды бағыттарының бірі қызметкерлердің міндетті мерзімді медициналық тексеруден өтуіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру болып табылады.

Медициналық тексерулер мен оларды қаржылық қамтамасыз ету жағдайы жақсы дамып келетінін, оларды өткізу жұмыс берушінің қаражаты есебінен барлық жерде дерлік жүзеге асырылатынын айта кеткен жөн.

Көптеген ұйымдарда ластануға байланысты жұмыстармен айналысатын қызметкерлерді арнайы киіммен және жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету тиісті түрде ұйымдастырылмаған.

### **Атқару Комитеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіподақтың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі бас техникалық инспекторы А.М. Айтжановтың «Кәсіподақтың 2024 жылы кәсіподақ мүшелерінің салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларына құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыс қорытындысы туралы» ақпараты назарға алынсын.

2. Кәсіподақ басшылығына (А. Мұқашева, В. Беженаров, Б. Әлиев):

- әлеуметтік әріптестермен бірлесіп еңбекті қорғаудың салалық жүйелері туралы жаңартылған ережелердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру және әлеуметтік әріптестік жөніндегі салалық комиссияның бекітуіне жобалар ұсыну;

- өндірістік кеңестердің мүшелері мен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды оқыту процесін әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ету;

- сала қызметкерлерінің зиянды әсерлерден қорғаудың арнайы құралдарымен, міндетті мерзімді медициналық тексерулермен қамтамасыз етілуіне талдау жүргізу тапсырылсын.

3. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының басқарушы органдары қызметкерлердің еңбек жағдайының жай-күйіне талдау жүргізісін, көрсетілген кемшіліктерді жою шараларын алсын, оның ішінде:

- жұмыс берушілермен еңбекті қорғау бойынша шараларды өткізу үшін қаражатпен қамтамасыз ету бойынша міндеттелерін орындау;

- еңбекті қорғау жағдайына қоғамдық бақылау жүйесінің тиімділігін арттыру және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың ролін көтеру;

- еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту және білім деңгейін көтеру;

- Салалық келісімнің, ұжымдық шарттардың, еңбекті қорғау жөніндегі келісімдердің тиісті бөлімдерін орындау;

- ұсынылатын есептердің сапасын арттыруға және белгіленген мерзімдерді сақтау қажеттілігіне назар аудару.

4. Барлық деңгейдегі кәсіподақ органдарына:

- Ұйымдардағы еңбек жағдайының жай-күйін тексеру Кәсіподақтың басқарушы органдарының қаулылары мен жергілікті құқықтық актілеріне сәйкес тұрақты түрде жүргізілсін;

- қызметкерлердің жағдайларын, еңбекті қорғау мен қауіпсіздігін жақсарту бойынша, сондай-ақ білім беру ұйымдарын жаңа оқу жылына қабылдау кезінде білім басқармасының органдарымен белсенді өзара іс-қимыл жасау;

- ұжымдық шарттардың, еңбекті қорғау жөніндегі келісімдердің орындалуына тұрақты бақылаулар жүргізілсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ Төрағасының Орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

**Төраға**



**А. Мұқашева**